

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

Мақсаты: білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

- **Челлендж «Даналық ұстаздан»**
- **«Ұлттық мәдениет» көрмесі**
- **«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі**
- **Мектеп театры**
- **«Ананың аялы алақаны» челлендж**
- **«Әншуақ» фестивалі**
- **«Домбыра күні» концерт және көрме**




Челлендж «Даналық ұстаздан»

Қазан

Мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғаліміне/ сүйікті тәрбиешісіне арналған бейне хабарлама / ән / сурет және басқа да алғыс білдіру түрінде челлендж өткізіледі

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілер, Мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары



«Ұлттық мәдениет» көрмесі

Қазан

Наурыз

Ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және т.б. жасалған жұмыстар) пайдалана отырып, білім алушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі

Ұсынылады:

- педагогтерге, білім алушыларға және ата- аналарға аптасына бір рет білім беру ұйымына ұлттық киіммен келуге және / немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды пайдалануға

Жауаптылар:

- **Сынып жетекшілер,**
- **Мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары**




«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі

Мамыр

Саптық әндер конкурстарына, әскери- патриоттық фестивальдерге, спорттық-далалық ойындарға қатысу

Ұсынылады:

- қазақстандық авторлардың әндерін қолдану;
- Ұлттық әскери форманы кию
-
- Жауаптылар:
- ▪ АӘТД мұғалімі, музыка мұғалімі, сынып жетекшісі, мектептің/ колледждің өзін-өзі басқару ұйымы



Мектеп театры

Қараша Наурыз

Театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру Ұсынылады:


1. Сыныптар арасында театрландырылған қойылымдардан байқаулар немесе фестиваль өткізу

- зерттелген әдеби шығармалар бойынша
- тарихи оқиғалар мен атаулы күндерге
- заңдар мен құқықтарды зерттеу бойынша
- жаман әдеттердің алдын алу бойынша (лудомания, нашақорлық, кибергигиена және т.б.)
- өмірлік жағдайларға байланысты

2. Ата-аналарды тарта отырып (қойылымға қатысу, декорацияларды дайындау және т.б.)

Жауаптылар:

- Тілдік пәндердің мұғалімдері, музыка мұғалімі, сынып жетекшісі, мектептің/ колледждің өзін-өзі басқару ұйымы



«Ананың аялы алақаны» челлендж

Наурыз

Аналар күніне (мамырдың екінші жексенбісі) бейнероликтер / мерекелік ашық хаттар / бейне құттықтаулар әзірлеп білім алушылар аналары мен әжелеріне алғыс білдіру

Жауаптылар:

- **Сынып жетекшілері**
  мектептің/колледжді
  ң өзін-өзі басқару
  ұйымдары



«Әншуақ» фестивалі

Мамыр

Білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту, #Әншуақ хэштегімен «TikTok» әлеуметтік желісінде балалардың әндерді жанды орындауының бейнежазбаларын жариялау

Жауаптылар:

- **Қосымша білім беру педагогтері**



«Домбыра күні» концерт және көрме

Маусым

Домбыра оркестрлерінің орындауындағы концерттерге бару, мектепте домбыра оркестрінің концертін ұйымдастыру, ұлттық аспаптар түрлерінің көрмесін өткізу

Жауаптылар:

- Музыка мұғалімдері, қосымша білім беру мұғалімдері

«Бекітемін»
№ 5 мектеп-лицей директоры
_____ Б.Дуйсенбаев
«___» қазан 2025 ж.

«№5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ» КММ
«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ
БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2025-2026 оқу жылы

«Бекітемін»
№ 5 мектеп-лицей директоры
Б.Дуйсенбаев
«__» қазан 2025 ж.

«Шабыт» жобасы бойынша жылдық жоспары

Іс шара атауы	Мақсаты	Қатысушылар	Мерзімі
«Даналық ұстаздан» құттықтау бейнеролик	Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу	Айдарбекова А 1-11 сынып жетекшілері	Қазан
«Ұлттық мәдениет» көрмесін ұйымдастыру		Айдарбекова А 1-11 сынып жетекшілері	Қазан
«Мектеп театры» атты театр қойылымын ұйымдастыру		Айдарбекова А 1-11 сынып жетекшілері	Қараша
«Мектеп театры» атты театр қойылымын ұйымдастыру		Айдарбекова А 1-11 сынып жетекшілері	Наурыз
«Ұлттық мәдениет» көрмесі		Айдарбекова А 1-11 сынып жетекшілері	Наурыз
«Жас сарбаз» әскери – патриоттық әндер фестивалі		Айдарбекова А 1-11 сынып жетекшілері	Наурыз
«Ананың аялы алақаны» Атты челленджі,		Айдарбекова А 1-11 сынып жетекшілері	Сәуір
«Әншуақ» фестивалі		Айдарбекова А 1-11 сынып жетекшілері	Мамыр
«Домбыра күні» концерт және көрме		Айдарбекова А 1-11 сынып жетекшілері	Маусым

АНЫҚТАМА

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Шабыт» жобасы аясында «Даналық ұстаздан» бейнероликтер арқылы құттықтау ұйымдастырылды.

Іс-шара атауы: «Шабыт» жобасы аясында
Тақырыбы:«Даналық ұстаздан» бейнероликтермен құттықтау
Мерзімі: қазан 2025 жыл
Өткізілген орны: И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауаптылар: А.Айдарбекова, А.Алиев, А. Менлибаева
Мақсаты:

Ұстаз мәртебесін арттыру, оқушылар бойына ұстазға деген құрмет сезімін қалыптастыру, алғыс айту, мерекелік көңіл-күй сыйлау және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Өткізілу барысы:

Іс-шара барысында оқушылар өз сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне арнап арнайы бейнеқұттықтаулар дайындады. Құттықтау бейнероликтерінде оқушылар ұстаздарының еңбектеріне алғыс айтып, жылы лебіздерін білдірді. Әр бейнеролик оқушының шығармашылық идеясы мен жүрекжарды тілегімен ерекшеленді. Роликтер мектептің ресми парақшаларында жарияланды.

Нәтижесі:

Іс-шара оқушылардың ұстаз еңбегіне деген құрметін арттырып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Мұғалімдер тарапынан жылы қабылданды. Оқушылардың өнері мен ықыласы мектеп ұжымының көңілінен шығып, мерекелік рухты көтерді.

Бейнероликтер әлеуметтік желілерге жарияланды.

https://www.instagram.com/reel/DTcClGcjH8VNpQ2QXhJm6aVtzrP_LdtwKciGbA0/?igsh=MWRnc3g5MWx3c2Qyaw==

АНЫҚТАМА

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Шабыт» жобасы аясында «Мектеп театры» атты театр қойылымын ұйымдастырылды.

Іс-шара атауы: «Шабыт» жобасы аясында
Тақырыбы:«Мектеп театры» – театр қойылымдары
Мерзімі: қараша 2025 жыл
Өткізілген орны: И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауаптылар: А.Айдарбекова, А.Алиев, А. Менлибаева
Мақсаты:
Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, талантын тану мен қолдау арқылы оларға мотивация беру.

- Дарынды оқушыларды анықтау
- Қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру
- Жетістіктерін насихаттау
- Шығармашылық байқаулар мен көрмелер ұйымдастыру
- Менторлық және мотивациялық қолдау көрсету

Өткізілу барысы:

2025 жылғы қараша айында И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде бастауыш сыныптар арасында мектепішілік театрландырылған қойылымдар өтті.


Іс-шараға 1–4 сынып оқушылары қатысып, түрлі ертегілерден сахналық көріністер көрсетті. Оқушылар өз рөлдерін жауапкершілікпен орындап, актерлік шеберліктерін, көркем сөйлеу мәдениетін, шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Оқушылардың сөйлеу, ойлау, көркемдік талғамын дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру және сахнада өзін еркін ұстауға үйренді.

Нәтижесі:


Өткізілген мектепішілік театр қойылымдары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзіне сенімділік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға оң әсер етті. Іс-шара барысында оқушылар ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқын аша отырып, сахналық мәдениетті меңгерді.

Әр сыныптың дайындығы жоғары деңгейде бағаланып, ерекше белсенділік танытқан сыныптар марапатқа ұсынылды. Қойылымдар көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй мен тәрбиелік мәні зор әсер қалдырды.

2025-2026 оқу жылының I жарты жылдығында:
1 «А» сыныбы «Үш аю» ертегісі



1 «Ә» сыныбы «Бауырсақ» ертегісі




1 «В», «Г» сыныптары «Ребка» және «Под гребом» ертегісі



https://www.facebook.com/share/r/17nKwLcNSV/


1 «Б» сыныбы «Жеті лақ» ертегісі




2 «Б» сыныбы «Түлкімен тырна» ертегісі




2 «Ә» сыныбы «Шалқан» ертегісі


2 «В» сыныбы «Мақтаншақ қоян» ертегісі





3 «А» сыныбы «Қызыл телпек» ертегісі



https://www.facebook.com/share/r/17gGA9ZPXy/

3 «Б» сыныбы «Мақта қызбен мысық» ертегісі



https://www.facebook.com/share/v/1AQYQr2SbS/

4 «А», «В» «Алдар көсемен Бай», 4 «Ә» «Зерделі» аңызы қойылымы





4 «Б» сыныбы «Ақшақар» ертегісі







https://www.facebook.com/share/v/1ARi6VyXrK/

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Заң және тәртіп» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

Мектеп атауы:И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Шара тақырыбы: «Тәртіп және жауапкершілік, заң және тәртіп»
Қамтылған оқушы саны:100
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны:
Жауапты:А.Алиев,А.Менлибаева
Сілтемесі: https://www.facebook.com/share/v/1AWsCbNS8a/

Мектебімізде 1–4 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәртіп және жауапкершілік, заң және тәртіп» тақырыбында мектеп театрының фестивалі өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға тәртіп пен жауапкершілік сияқты моральдық және адамгершілік құндылықтарды шығармашылық әдістер арқылы түсіндіру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және мектепішілік тәрбиелік ортаны байыту болды.

Фестиваль барысында әр сынып өзінше сахналық қойылымдар ұсынды: қысқа драмалық көріністер, инсценировкалар, сахналық көріністер арқылы оқушылар күнделікті өмірде тәртіпті сақтау, достық, өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарау сияқты құндылықтарды көрсетті.

Қойылымдар көрнекі және қызықты түрде ұйымдастырылып, көрермендер – өз сыныптастары мен мұғалімдер үшін тәрбиелік мәні зор тәжірибе болды. Мектеп театрының фестивалі оқушыларға тек шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, оларды саналы, жауапты және тәртіпті болуға баулу, мектептегі және отбасыдағы мінез-құлық ережелерін практикалық тұрғыда ұғындыруға бағытталды. Сонымен қатар, іс-шара балалар арасында командалық жұмысқа үйретіп, өзара сыйластық пен ынтымақтастық сезімін күшейтті.

Фестиваль оқушылардың тәртіп пен жауапкершілікке деген түсінігін нығайтып, олардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне, шығармашылық дамуына және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге ықпал етті.

Қорытынды:Фестиваль арқылы оқушылар тәртіп, жауапкершілік және құқықтық мәдениет тақырыптарын сахналық көріністер арқылы көрсетті.





Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**

А.Менлибаева